

С. Әділғазы^{1*} , С. Ермухаметова² , С. Дюсебалиева³ ¹Нархоз университеті, Алматы қ., 050040, Қазақстан Республикасы²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., 050040 Қазақстан Республикасы³Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы*e-mail: bakha2001@mail.ru

ШАРТТАРДЫ ТҮСІНДІРУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Андатпа

Мақалада Қазақстан Республикасы соттарында азаматтық-құқықтық шартты «contra proferentem» қағидасын қолдана отырып түсіндіру қазіргі қолданыстағы құқықтық нормаларымен реттелмеуі немесе қарастырылмауына назар аударылды. Отандық құқықтық әдебиеттерде, экономикасы дамыған елдердің құқықтық жүйелердегі «contra proferentem» қағидасы шартты түсіндіру ережесінің қазіргі заманғы даму тенденцияларын ескеретін арнайы зерттеулердің жеткіліксіздігі байқалады.

Мақала мақсаты - кешенді түрде азаматтық-құқықтық шарттық талаптарын түсіндіру институтына «contra proferentem» қағидасын құқықтық тұрғыдан талдау және оның тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар беру. Мақалада осы қағиданы ұлттық және халықаралық құқықтық тәртіпте қолданудың құқықтық негіздері, оның шарттың әлсіз жағының мүдделерін қорғаудағы рөлі, сондай-ақ сот ісін жүргізуде қолдану тәжірибесі қарастырылады.

Авторлар аталған қағиданың теориялық негіздерін, оның әртүрлі құқықтық жүйелердің құқықтану контекстінде дамуын, сондай-ақ оның іс жүзінде жүзеге асырылуын көрсететін сот практикасын талдайды. Contra proferentem қағидасын тең емес жағдайы бар субъектілер арасындағы қатынастарда-атап айтқанда, қосылу шарттарын, тұтыну келісім шарттарын және сақтандыру келісімдерін жасасу кезінде қолдануға ерекше назар аударылады. Қағиданың әлсіздікті қорғау және шарттық қатынастардағы әділеттілікті қамтамасыз ету механизмі ретіндегі маңыздылығы туралы қорытынды жасалады. Авторлар келісім шарттық міндеттемелерде әділеттілік пен адалдықты қамтамасыз ету құралы ретінде contra proferentem маңыздылығын атап көрсетеді, сондай-ақ заңды даулардың тәуекелдерін азайту үшін келісімшарт талаптарын неғұрлым нақты тұжырымдау бойынша ұсыныстар ұсынады.

Негізгі сөздер: Contra proferentem, Қазақстан Республикасы, Сот органдары, азаматтық-құқықтық шарттар, мәміле, ұсыныстар.

Кіріспе

Шарт - азаматтықтық қатынастардың пайда болуының негізі ретіндегі азаматтық құқықтың маңызды институттарының бірі. Шарттардың жасалуы, шарттан туындайтын қатынастар және шарттарды жасау, орындау кезіндегі қағидаларды қолдану бүгінгі таңда көптеген өзекті мәселелерді ғылыми тұрғыдан қарастыруды, талдауды және зерттеуді қажет етеді. Шарттарды түсіндіруде шетел заңнамалары мен сот тәжірибелерінде бірнеше қағидалар қолданылады, contra proferentem, несие беруші пайдасына түсіндіру, қосымша түсіндіру қағидалары. Бұл мәселеде шарттарды жасау кезіндегі contra proferentem қағидасы алыс, жақын шет мемлекеттер заңнамаларында және тәжірибесінде қолданылатын қағида. Шарт талаптарының мазмұны туралы даулардың алуан түрлілігімен оларды іс жүзінде шешудің жалпы тәсілдерін ұсынуға болады. Бірақ, Қазақстан Республикасы соттарының тәжірибесінде мұндай тәсілдер әлі әзірленбегенін мойындау керек. Сол үшін отандық құқық жүйесіндегі азаматтық-құқықтық шарт мазмұнын түсіндірудегі олқылықты толтыру үшін мақала шетелдік тәжірибеге негізделеді.

Мұндай жағдайларда «contra proferentem» қағидасы шарттық талаптарын түсіндіру үрдісін реттейтін шетелдік құқық нормаларын және оны қолдану практикасын сыни талдау өзекті болып табылады. Мұндай талдау Француз Азаматтық кодексі және неміс Азаматтық кодексінің қолдану тәжірибесінің мысалдарында ұсынылған. Отандық сот практикасына шолу кезінде азаматтық-құқықтық шартты түсіндіруге қатысты, атап айтқанда, белгісіз және екі ұшты мағына беретін шарттардың мазмұнын белгілеуге байланысты көптеген мәселелер Қазақстан Республикасы соттарының алдында тұр деген қорытынды жасауға

мүмкіндік береді. Бұл сұрақтарға жауап беру үшін азаматтық-құқықтық шартты түсіндіру тақырыбын ғылыми зерттеу қажет. Жоғарыда айтылғандар мақаланың тақырыбының ғылыми және практикалық өзектілігін көрсетеді.

Зерттеудің объектісі шарттарды түсіндіру қағидаларымен байланысты қоғамдық қатынастар кешені. Ғылыми мақалада шарттарды түсіндіру қағидаларының ұлттық және халықаралық нормалары талданады. Халықаралық нормалар аясында шарттарды түсіндіру қағидаларының ұлттық нормалармен әрекеттесе отырып қолданылуы қазіргі коммерциялық, электрондық шарттарды жасау кезінде маңызды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болуының негізі ретінде шарттар мәселесі, олардың қолданылуы, азаматтық айналым қатысушыларының азаматтық құқықтық шарттарды жасау кезінде ұлттық нормаларда бекітілген және халықаралық шарттарды түсіндіру кезінде басшылыққа алынатын қағидаларды қолдану мәселесі маңызды. Азаматтық құқықтық шарттардың сақталуы, шарттарды түсіндіру шарттардың орындалуының кепілі ретінде қолданылады. Халықаралық шарттарда шарттарды тараптардың түсінбеуі немесе шарт талаптарын түсінудегі кейбір түсініспеушіліктер осы шарттарды түсіндіру қағидалары негізінде айқындалады. Азаматтық құқық теориясында шарттарды тараптардың жасауы белгілі бір міндеттерді жүктейді, олардың орындалмауы жауапкершілікке әкеліп соқтырады. Сондықтан шарттардың тиісінше орындалуына байланысты тараптар арасында жасалған шарттың мазмұны мен талаптарын түсіндіру мәселесі ғалымдар арасында тиісті зерттеулердің болуын туындатады. Цифрлық даму, жасанды интеллект, электрондық сауда дамуы азаматтық-құқықтық шарттарды түсіндірудің түрлі тәсілдерін дұрыс қолданумен байланысты көптеген мәселелердің дұрыс шешілуіне негіз болады. Шарттарды түсіндіру мәселесі бойынша халықаралық «Contra proferentem» шарттық талаптарын қолдану сот тәжірибесінде, соттардың істерді қарауы кезінде тиімді. Ғылыми мақала аясында шет мемлекеттердің тәжірибесінде азаматтық-құқықтық шарттарды түсіндіру қағидалары қарастырылатын болады. Электрондық сауда айналымында қосылу шарттарының жасалуы екінші тараптардың оферта жіберген тараптың ұсыныстарына қосылу арқылы жасалатын жағдайларында шарттағы екіжақты түсініктер болған кезде «оферентке қарсы» қолданылатын талқылау ережесі және оны қолдану, шетел тәжірибесінде «contra proferentem» қағидасын қолдану және оның Қазақстан Республикасында шарттарды түсіндіру ережелері ретінде қолданудың маңыздылығына талдау жасалады.

Ең алдымен азаматтық-құқықтық келісім-шарты түсіндіру қажеттілігі қандай жағдайларда болатынын анықтап алу керек. Азаматтық құқық саласындағы ғылыми әдебиеттерде азаматтық-құқықтық келісім-шарттың мазмұнында кем дегенде екі түрлі түсінігінің болуы келісім-шарт түсіндіру туралы даудың болуының жалпы алғышарты болып табылатыны баршамызға белгілі. Демек, бұл келісім-шартта бір-бірінен ажыратылуы керек кемінде екі ұғымды анықтап алу қажет.

Бұл, біріншіден азаматтық-құқықтық шарттың мәнін түсіндіру қажеттілігінен туындайды. Екіншіден, азаматтық құқықтық шарттар мәніндегі екі түрлі мағына беретін түсініктер.

«Contra proferentem» шарттық құқықтағы доктрина, оған сәйкес шарттарды түсінуде екі түрлі ой туындататын немесе шарт екі түрлі талқылануы мүмкін болатын жағдайда қолданылады. Бастапқы шарт жасау сатысында осы ережелерді енгізуімен байланысты. Екінші тарап, яғни акцептант ұсынылған шарттың мазмұнын түсінуде «екі ойлылық» орын алады.

Азаматтық құқықтық шарттардағы ережелерде қолданылатын, тараптарға дау туғызатын ережелер шартқа қатысатын субъектілер саны көп болған сайын орын алады. Бастапқыда, әдетте, азаматтық-құқықтық келісім-шарттың тараптары болып табылады, олардың әрқайсысы осы екі мағына беретін даулы сөзді әр түрлі қабылдайды. Мұндай жағдай әртүрлі жағдайлардың салдары болуы мүмкін: шартта белгісіз немесе түсініксіз

шарттың болуы (ол екі немесе одан да көп мағынаға ие болған кезде) немесе бір-біріне қайшы келетін ережелер болуы мүмкін.

Нәтижелер және оларды талқылау

Азаматтық-құқықтық шарттарда кейде бір-біріне тікелей қайшы келетін ережелер кездеседі. Әрине азаматтық құқықтық шарттарды жасау кей жағдайларда көптеген уақыт олардың келіссөздер жасауын талап етеді. Шарттық қатынастарға түсетін тараптардың әрқайсысы өз мүдделерін енгізгісі келеді. Дау туындаған жағдайда тәжірибе көрсетіп отырғандай бұл шарт мазмұнын жасаушы тараптың «кінәсі». Ондай мәні «екі түрлі» мағына беретін ережелерді енгізу ұсынған тарап үшін тиімді. Мысалы, осындай ережелер сақтандыру қатынастарында көп кездесетіндігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Мұндай жағдайларда сот практикасында даулы келісім-шарттарды түсіндіру туралы қажеттілік туындаған жағдайда азаматтық-құқықтық шарттарды түсіндірудің әдістері туралы мәселені көтереді. Шетелдік сот практикасында осындай мәселерге тап болған сот төрешілеріне ағылшын заңгері Р. Познер азаматтық-құқықтық шарттарды түсіндіру мәселенін шешудің төрт әдісін ұсынады:

- Алғашқы әдіс негізінде шарттың даулы, «екіұшты» мағынасын беретін ереже шарттың мәтінінен тікелей туындамаса, шындығында тараптардың шарт жасау кезінде, нені меңзегенін анықтау қажет. Бұл жерде шарт жасаған тараптардың еркі нені көздеді соны айқындау. Алайда, бұл әдіс тараптардың даулы мәселе бойынша шын мәнінде ортақ еркі болған, бірақ оны келісім мәтінінде қате білдірген жағдайда ғана қолдануына болады.

- Келесі әдіс, сот дискрециясымен тығыз байланысты және таза ағылшындық институт – «парасатты адам доктринасы». Бұл ретте судья шарттың неғұрлым ұтымды, экономикалық тиімді түсіндірмесін таңдайды, яғни ол тараптардың орнына парасатты кәсіпкер шартқа қандай шартты қосатыны туралы болжам жасайды.

- «Парасатты адам» түсінігі «Best Guess Rule» сияқты шарттарды түсіндіру ережесімен байланысты. Бұл ретте судьяға даулы шарттың мазмұнын анықтау үшін басқа дәлелдемелерді қолданудың қажеті де жоқ. Рационалдылықтың адамдық қасиетін пайдалана отырып, судья даулы жағдайды тараптар шарт жасасу кезінде шартта екіұштылыққа байланысты жағдайдың туындауын алдын ала болжағандай түсіндіреді.

- Шарттың сөзбе-сөз формальды түсіндірмесі. Оған сәйкес шарт оның орындалуына қатысты барлық мәселелер толық және толық реттелетін тараптардың келісімі болып табылады деп болжанады. Бұл болжам тараптарды шарттың талаптарын растау үшін барлық басқа дәлелдерге сілтеме жасау құқығынан айырады. Шарттар мазмұны, ережелерге, түсіндіруге қатысты дау туындаған жағдайда азаматтық заңнамаларымызда көрсетілгендей, соттар істі қарау аясында, егер шартты, ережелерін, талаптарын талдау кезінде соттар шарттағы сөздер мен сөйлемдердің, олардың байланысын шарттың басқа ережелерімен салстыра отырып, қорытынды жасайды.

- Шарттың сөзбе-сөз формальды түсіндірмесі. Оған сәйкес шарт оның орындалуына қатысты барлық мәселелер толық және толық реттелетін тараптардың келісімі болып табылады деп болжанады. Бұл болжам тараптарды шарттың талаптарын растау үшін барлық басқа дәлелдерге сілтеме жасау құқығынан айырады. Шарттар мазмұны, ережелерге, түсіндіруге қатысты дау туындаған жағдайда азаматтық заңнамаларымызда көрсетілгендей, соттар істі қарау аясында, егер шартты, ережелерін, талаптарын талдау кезінде соттар шарттағы сөздер мен сөйлемдердің, олардың байланысын шарттың басқа ережелерімен салстыра отырып, қорытынды жасайды.

- Шартты түсіндірудің нақты ережелері. Оны «жеребе тарту үшін қолданылатын ережелер» (Tie-breaking ережелері) деп сипаттауға болады. Оларға шартты орындауға тырысатын тарапқа қарсы шартты түсіндіру ережелері және шарт жобасын жасаған тарапқа қарсы шартты түсіндіру туралы ережелер жатады. Соңғысы «contra proferentem» қағидасы ретінде жақсы белгілі [1].

Қазіргі уақытта «contra proferentem» қағидасы әлемдік құқықтық тәжірибесінде кеңінен қолданыла бастады. Мысалы, Франция мемлекетінің азаматтық кодексінде «егер күмән туындаса, келісім шарттың талаптарын (шартта) айтқан адамға қарсы және міндеттемелерді қабылдаған адамның пайдасына түсіндірілуі керек» деп көрсетілген [2].

УНИДРУА халықаралық коммерциялық шарттарының қағидаттарының 4.6 бабында «егер бір тарап ұсынған шарттың талаптары түсініксіз болса, онда осы тараптың мүдделеріне қайшы келетін түсіндіруге басымдық беріледі» деп көрсетілген [3]. Тараптың мәлімдемелері мен өзге де мінез-құлқы, егер екінші Тарап бұл ниет туралы білсе немесе білмесе, осы Тараптың ниетіне сәйкес түсіндірілуі тиіс.

Жоғарыда аталғандай, барлық дерлік әлем елдерінде бұрыннан қолданып келе жатқан «contra proferentem» қағидасын зерттеу мақаламыздың бағыты ретінде анықтап, оны елімізде қолданысқа енгізудің құқықтық жағдайын талдауды мақсат етіп бекіттік. Бізде ол әлі күнге дейін сот тәжірибесінде өз деңгейінде қолданылмайды.

«Contra proferentem» қағидасын тақырыбын ала отырып, оның жалпы құқықтық жағдайына талдау жасап көрсек. Латын тіліндегі «contra proferentem» сөз тіркесі ұсынушыға қарсы деген мағана береді, оны әрі қарай «шартты жасаушының кінәсі» деп түсінуге болады. Тұтастай алғанда, «contra proferentem» қағидасы кінәні екі жақты шарт мәтінін жасаған немесе сұраған тарапқа жүктеу үшін қолданылады. Келісім-шартты жасаған тарап ретінде, сондай-ақ азаматтық келісім-шартқа қасақана немесе әдейі бұлыңғыр, екіұшты түсініксіз шартты енгізгені және қосқаны үшін айыппұл немесе заңды жаза ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Мұның түпкі мәні – шартты жасаушы немесе таныстырушы тарап өздерінің мүдделеріне сай нәтижелер жасау немесе қамтамасыз ету үшін шарт мазмұнын екіұштылықты түсінік беретін сөздерді әдейі пайдаланады деп қорытынды жасалады. Әдейі анық еместік немесе түсініксіздік – бұл «contra proferentem» қағидасының жеңілдетуге тырысатын әрекеті және заңдар орындалған кезде кінәсіз тараптың пайдасына түсініксіздікті дұрыс бағалауға өзіндік көмегін берері сөзсіз.

«Contra proferentem» қағидасын азаматтық құқықтық шарттарды түсіндіру кезінде қолдану, жалпы аталған қағиданың пайда болуы, құқықтық қағидалар ретінде қолданысқа енуі оның тарихи қалыптасу кезеңімен байланысты. Қазіргі кезде «Contra proferentem» қағидасын қолдану тәжірибесі кейбір мемлекеттердің бұл қағиданы қолдану кезінде Рим регламентіне сәйкес, коммерциялық тараптардың олардың шарттық қатынастарын реттейтін материалдық құқықты еркін таңдау мүмкіндігінің бар екендігін бекіткен ережені басшылыққа алатынын көрсетеді [4]. Жалпы шарттарды түсіндіру өз бастауын рим құқығынан алады, аталған құқыққа сәйкес егер тараптарға шарттардың ережелері түсініксіз болса, шартты қай тарап ұсынса сол тарапқа қатысты қолдану қажеттілігін бекіткен. Бұл шарттарды түсіндіру тараптардың мүддесінің жоғалуына емес, тиісінше шарттың орындалуын түпкілікті нәтижеге жетуіне бағытталған.

Орта ғасырлық Еуропалық заңгерлер «Corpus Juris Civilis» мәтінінде осы идеяның әр түрлі келісімшарттарға қатысты әр түрлі көзқарастарын жүйелеп, өзара әрекеттесудің жалпы «contra proferentem» қағидасын жүйелейді, оған сәйкес екі немесе көп жақты келісімдерде түсініксіз шартты (шарттың талабын) ұсынған адамға қарсы түсіндірілуі керек және оны қабылдаған тараптың пайдасына шешілуі керек деп тұжырымдаған [5].

Германия заңнамасына сәйкес шарттарды түсіндіру тұжырымдамадан басталады. Бұл тұрғыда тараптардың ниет туралы мәлімдемелері, егер жалпы қабылданған тұжырымдама қолданылса, алушы оларды адалдық пен жалпы қабылданған ережелер негізінде түсінуі керек деп түсіндіріледі. Неміс заңнамасында стандартты ережелер мен шарттарды түсіндіру жағдайларын қоспағанда, contra proferentem ережесі қолданылмайды. Сондай-ақ соттар тараптардың келіссөздерінің жасалу жағдайларын, келісім-шарт алдындағы мәлімдемелерді және келісімшарттарды түсіндіру кезінде қолданыстағы іскерлік қатынастардың тәжірибесін, сондай-ақ келісімшарттың мақсатын ескереді. Егер тараптар өз келісімінде байқаусызда қандай да бір маңызды сәтті жіберіп алса, соттар қосымша

түсіндіруді қолдана алады. Жалпы айтқанда, егер олар бұл алшақтықты білсе, тараптардан не туралы келісер еді деп сұралады.

Ал, Америка Құрама Штаттары мен Еуропа заңнамаларын қарастырсақ, «contra proferentem» қағидасын кеңінен қолданады және оларды қолдану қажеттілігі заңнамаларында енгізілгендіктен әдеттегі қағида ретінде қолданылады.

Тараптар арасында жасалған келісімшарттар даулы болған кезде және дау бірнеше жолмен түсіндірілуі мүмкін келісімдегі ережені қозғаған кезде, Нью-Йорктегі және бүкіл елдегі соттар көбінесе contra proferentem ережесін қолданады. Бұл келісімді жасамаған тараптың пайдасына түсініксіз шарттарды түсіндіруді талап ететін шарттық құқық доктринасы. Contra proferentem ережесі келісімшартты жасаған тарапқа жауапкершілік отырған анықтаманың немесе ереженің шатасуды тудыратындай түсініксіз екенін анықтайды. Егер солай болса, онда сот келісімшартты жасаушы тараптың өз мүдделерін алға жылжыту үшін әдейі екіұшты тіл қолданғанын анықтауға тырысады. Дәлелдемелердің басым болуы шартты жасауға жауапты тарап екіұшты тілді әдейі қолданбаған деп болжаған кезде, мәселе іс фактілері негізінде шешіледі.

Contra proferentem қағидасы халықаралық құқықта танылған және көптеген елдердің заңнамаларында бар, қолданыстағы қағида. Франция, Германия, Италия т.б. елдердің құқық нормаларында қарастырылған.

Шет елдерде «contra proferentem» қағидасын белсенді қолданудың объективті себептері ең алдымен саяси және құқықтық көзқарастармен байланысты. Шарттың мазмұнын анықтаудың бұл құралы, оны тура түсіндіру арқылы да, тараптардың шынайы немесе ықтимал ерік-жігерін анықтау әрекеттері арқылы да түсіндіруге болады және белгілі бір этикалық және экономикалық тұрғыдан айқын болды.

Дамыған Батыс мемлекеттері заңдарының үстемдігі әдісі басым көпшілігінде, бір тарап ұсынған шарттың талаптары түсініксіз болған кезде, шартты ұсынған тараптың ұстанымына қарама-қарсы түсіндіруге артықшылық беріледі. Біріншіден, біз тұтынушылық шарттар туралы, сондай-ақ келіссөздер мүмкіндіктерінің айқын теңсіздігі жағдайында кәсіпкерлер арасындағы келісімдер туралы айтып отырмыз. Өлсіз тараптың жекелеген түсініксіз шарттар бойынша келіссөздер жүргізуге мүмкіндігі жоқ және тиісінше, түсініксіздік және осы шарттарды тұжырымдаудағы басқа да кемшіліктер оларды әзірлеген және ұсынған күшті тарапқа еріксіз келісімін береді деп түсінсек болады. Басқаша айтар болсақ күшті тарап тиісті саладағы кәсіпқой компания болып табылады (сақтандыру, банк қызметі, құрылыс, заң қызметтері, тасымалдау, жауапты сақтау, бөлшек сауда және т.б.). Бұл жағдайларда шартты жасаушы оның мазмұнын іс жүзінде жалғыз өзі бақылайды, ал шарттың оларға түсініксіздігінде айқын көрінеді. Бұл қарапайым немқұрайдылықта да, қасақана жасалуда мүмкін, мұнда әзірлеуші келісімшарт талаптарының түсініксіз мәтінін контрагенттердің кейбір санаттары үшін (ең алдымен тұтынушылар) олардың түсінігін қиындату үшін арнайы қолданады.

Сонымен қатар, кәсіпкерлік келісім-шарттар жасасу туралы тең келіссөздер болған жағдайда, әзірлеушінің «кінәсі» онша айқын емес екенін есте ұстаған жөн, өйткені ол қандай да бір себептермен келіссөздер жүргізуге және осындай шартты түзетуге нақты мүмкіндік болған кезде түсініксіз шартты қабылдаған контрагенттің ұқыпсыздығымен, байланыстыруға болады. Дегенмен, бұл жерде мәселенің бастапқы көзі дәл келісімшарт шартын жасаушы болғандығы анық, және оның пайда болуындағы әр шарт тараптарының үлесін салыстыру кезінде әзірлеушінің кінәсінің үлесі әрдайым басым болып көрінеді.

Іс жүзінде тұтынушылық келісім-шарттарға келетін болсақ, оның ішінде екінші деңгейлі банктің пайыз мөлшерлемесі туралы қаржыландыру ставкаларының шарттары туралы даулар жиі туындайды. Сондай-ақ, вексельдерді рәсімдеуге қатысты жағдайлар туындайды, олардың мәтінінде вексельдік міндеттемені өтеуде екінші деңгейдегі банктің ішкі бағамы бойынша белгілі бір валюта айырбастау операциялары үшін бағам болсын немесе меншікті вексельдермен жасалатын операциялар үшін бағам туралы айтылмай-ақ жүзеге асырылады. Екі жағдайда да даулы жағдайдың бір түсіндірмесі банк үшін, екіншісі

банк қызметін тұтынушы үшін тиімдірек. Сөзбе-сөз түсіндіру сотқа ставка немесе курс туралы даулы шарттың мазмұнын анықтауға мүмкіндік бермейтіні анық.

Бұл мәселенің құқықтық статистикасын қарастырсақ, Ұлыбританияда бұл қағида принцип шектеулі түрде қолданылады, әсіресе тең құқықты тараптар арасындағы коммерциялық келісімшарттарда. Сот практикасы оның негізінен түсіндірудің басқа әдістері түсініксіздікті шешуге мүмкіндік бермейтін жағдайларда қолданылатынын көрсетеді.

АҚШ-та бұл қағида сақтандыру құқығында және қосылу шарттарын қарау кезінде кеңінен қолданылады. Алайда, АҚШ Жоғарғы соты оны арбитраждық келісімдерде қолдануды шектеді және онда төрелік келісімдегі түсініксіздікті ұжымдық арбитраждың пайдасына түсіндіру мүмкін емес деп шешілді.

Ал Австралияда сақтандыру келісімшарттарында, шешілмейтін түсініксіздік болған жағдайда ғана қолданылатын соңғы ереже ретінде қарастырылады.

Contra proferentem қағидасы келісімшартқа қатыспаған тараптарды, әсіресе тең емес келіссөздер жағдайында қорғау құралы ретінде қызмет етеді. Алайда оны қолдану шектеулі және істің нақты жағдайлары мен юрисдикциясына байланысты. Біз бұл қағиданы әлсіз тараптарды қорғау мақсатында қолданылатындықтан өз практикамызға қолдану қажет екендігін негіздедік.

Contra proferentem принципі-бұл нақты құқықтық құрылым, сондықтан кейде оны түсіндіру деп санауға болады. Құқық теориясында жалпыға бірдей қабылданған анықтамаға сүйене отырып, заңды түсіндіру құқықтық актінің мазмұнын оны практикалық іске асыру үшін белгілеу жөніндегі қызмет деп түсініледі, бұл ретте бұл қызмет дәстүрлі түрде екі аспектіден тұрады: түсініктер мен түсіндіру. түсініктер объектісі нормативтік актілер де, құқықты қолдану актілері де, азаматтық-құқықтық шарттар және т. б. болуы мүмкін. Азаматтық құқық теориясында шартты түсіндіру ұғымы жалпы теорияда жасалған құқықтан ерекшеленбейді. Шартты түсіндіру деп нұсқаманың мазмұнын түсіндірудің және оны түсіндірудің екі жақты процесі түсініледі [6].

Осылайша, түсіндірудің кез - келген түрі, түсіндіруге бағытталған объектіге карамастан, әрқашан нақты ережелердің нақты мазмұнын анықтауға бағытталған.

Шарттарды түсіндірудің орталық мәселелерінің біріне, атап айтқанда ерік-жігердің арақатынасы мәселесіне егжей-тегжейлі тоқтамай, contra proferentem принципін қолданудың мақсаты тараптар келісім - шарт жасасу кезінде нақты айтқан нұсқаны таба алмайтынын және тіпті оның мәтінінің сөзбе - сөз мағынасын ресми түрде белгілемейтінін атап өтеміз. Бұл принциптің тұжырымдамасы даулы жағдайды түсіндіру осы шартты ұсынған тарапқа қарсы жүзеге асырылатындығын айтады. Сондықтан, сот үшін даулы шарттың мазмұны іс жүзінде маңызды емес болады, тек оның авторы болған адам оған маңызды болады. Бірақ мұндай түсіндіру келісім-шарт шартының шынайы мағынасын ашуға мүмкіндік бермесе де, оның бірқатар оң қасиеттері бар.

Біріншіден, contra proferentem - ді түсіндіру кемелер үшін өзіндік құтқару құралы болып табылатындығын атап өткен жөн, өйткені оны тек осы бапта көрсетілген барлық әдістерді қолданғаннан кейін қолдануға болады. Егер ұқсас түсіндіру қолданылса, бұл соттың түсініксіз жағдайдың және тараптардың жалпы ерік - жігерінің мағыналық мағынасын анықтауға бағытталған барлық әрекеттері күтілген нәтижеге әкелмеді және жалғыз шешім ретінде ұсынушыға қарсы түсіндіру әдісі қолдануды көздейді.

Екіншіден, шарттың түсініксіз талаптары, әрине, шарттық тәжірибені жақсартпайтын теріс құқықтық құбылыс. Осыған байланысты, contra proferentem түсіндірмесі, бір жағынан, түсініксіз шарт ұсынған тарапты жазалайды, өйткені ол оған қарсы түсіндіріледі, ал екінші жағынан, келісім-шарттардың сапалы дамуын ынталандырады.

Осыған байланысты құқық әдебиеттерінде contra proferentem қағидасын болашақта тараптарды нақты келісім-шарттар жасауға ынталандыратын қағида ретінде қарастыра отырып, «contra proferentem» шарттарды түсіндіру қағидаттарының қолданыстағы

иерархиясына өте жақсы сәйкес келді және тараптар шарттар жасасу сатысында жол берген түсініксіздіктерді түзетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда «contra proferentem» қағидасын – бұл келісім-шарттық заңдағы кез-келген тармақты екіұшты деп санаған, оны жасаған, енгізген немесе сол тармақты енгізуді сұраған тараптың мүдделеріне қарсы түсіндірілуі керек деген заңды доктрина. «Contra proferentem» қағидасы келісім-шарттардың құқықтық түсіндірмесін басшылыққа алады және әдетте сотқа келісім жасалған кезде қолданылады.

«Contra proferentem» қағидасын қолдануда соттар келісім-шартты қарау кезінде «contra proferentem» қағидасының қолданылатындығын анықтауда көп сатылы процесті қолданады. Бірінші қадам – шарттың тілін қарап, сөйлемнің белгісіздік туғызатындай түсініксіз екендігін анықтау. Егер тармақтың анық емес екендігі анықталса, сот келісім-шарт жасасқан тараптың келісім-шарт жасалған кездегі ниетін анықтауға тырысады. Қазақстан құқығына сәйкес, шарттарды түсіндірудің негізгі түрі сөзбе-сөз және жүйелі түрде түсіндіру болып табылатынын сот тәжірибесі де растайды. Қазақстан Республикасында азаматтық-құқықтық келісім-шартты түсінуде тараптардың келіспеушіліктер туындаған жағдайда шартты түсіндіруді сот жүргізеді. Сонымен қатар, сотқа кең өкілеттіктер берілді: ол тек келісімнің мәтіні мен оның мазмұнына сүйене отырып қана қоймай, тараптардың шынайы ниетін анықтау үшін келісімнің шегінен шыға алады. Алайда, түсіндірудің екінші әдісін, егер келісім мәтінін зерттеу тараптардың нақты ниеттерін анықтауға мүмкіндік бермесе ғана қолдануға болады.

Отандық ғалым М.К.Сулейменов азаматтық құқықтық шарттар институтын зерттей келе, шарттарды түсіндірудің негізгі ережелерін шарт мәтінінің мазмұнына байланысты түсіндіру, шарттың барлық жағдайларын, талаптарын жүйелі түсіндіру, тараптар арасында жасалған шарттың мақсаттарын нақтылай отырып, шарт жасаудағы ерікті анықтауды ұсынады[7].

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, шарттарды түсіндіру кезінде 392-бап ережелерінде қарастырылғандай, сот сөздердің дәлме дәл мағынасын ескереді. Егерде шарттарды түсіндіру дегеніміз тараптардың құқықтары мен міндеттерін анықтау мақсатында шарт талаптарының мәнін бекітумен байланысты соттардың қызметі екендігін ескерсек, бұл соттардың қызметі деген қорытынды жасаймыз.

Азаматтық құқықтық шартты түсіндіру оның мағынасын анықтау жөніндегі азаматтық құқықтық шартты түсіндіру болып табылатын сот қызметі (жазбаша да, ауызша да және сот шешімінде оның шарттарының мазмұнын түсіндіру түріндегі түсіндірменің жиынтығын білдіру) шарттың талаптарын белгілеу, оның мағынасын (мазмұнын) анықтау, анықтау жөніндегі сот қызметі болып табылады.

М.К.Сулейменов шарттарды түсіндіруде соттардың кең көлемдегі уәкілеттерінің болатындығын атап өтеді. Шарттарды түсіндіру тек шарт мәтінінің мазмұнынан емес, тараптардың нақты ниеттерін анықтау мақсатында шарт аясынан да шығу мүмкіндігімен түсіндіреді. Азаматтық кодекстің аталған бабында шарттарды түсіндіру соттардың уәкілеттілігіне берілгенімен, азаматтық айналым қатысушыларының кез келген қатысушысымен түсіндірілуі де мүмкін. Бірақ дауға қатысты соңғы шешім қабылдау соттардың уәкілеттілігінде. Бұл ережелер посткеңестік мемлекеттердің азаматтық заңнамаларында бекітілген. Тек қана Молдова шарттарды түсіндірудің батыстық ережелерімен бірдей ережелерді қолданады. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексіне де «contra proferentem» қағидасын енгізген дұрыс деп санаймыз. Себебі, тиісті ереже соттың жекелеген түсініксіз тұжырымдалған шарттық шарттарды түсіндіруіне байланысты сот және төрелік практиканы жеңілдететіндігіне көз жеткіздік.

Елімізде азаматтық шарттардың мазмұнына мәтіндік тұрғыдан талдауда қолданыстағы Қазақстан Республикасы азаматтық кодекстің 392-бабына сәйкес, (проценттік (пайыздық) немесе тарифтік) мөлшерлеме мен нарықтық бағам туралы шарттардың түсініксіздігі, ең алдымен, сыртқы көздерге жүгіну арқылы тараптардың нақты

ерік-жігері арқылы нақтылануы керек. Бірақ мұндай әдіс сипатталған жағдайларда да көмектеспейтіні анық, сондықтан сот «contra proferentem» қағидасын қолданып, екінші деңгейдегі банк өз қызметтерін тұтынушының пайдасына даулы жағдайларды алдын-ала түсіндіруі керек, себебі, екінші деңгейлі банк тиісті азаматтық құқықтық шарттың жобасын әзірлейді және даулы шарттың пайда болуына бастамашы.

Қазақстан Республикасының 392-бабы шарттарды түсіндіруде ондағы сөздер мен сөйлемдердің сөзбе-сөз мәні ескеріледі. Шарт ережесінің сөзбе-сөз мәні түсініксіз болған ретте ол бүкіл шарттың басқа ережелерімен және мағынасымен салыстыру арқылы анықталады және ол ережелермен шарт мазмұнын анықтау мүмкін болмаса, шарт мақсатын ескере отырып тараптардың шын мәніндегі ортақ еркі анықталуға тиіс деп бекіткен [8]. Ал, шарттарда көбінесе ұсынған тараптың еркі басымдырақ болатыны белгілі. Қазақстан Республикасының 392-бабына «contra proferentem» қағидатын бекітуге болады деп санаймыз. Бұл түсініксіз ережелерді ұсынған тарапқа қолданылатын «санкция» ретінде болғандықтан, тараптар шарт мәтінінде осындай жағдайларды орын аламасы үшін түсінікті, екіұшты емес ережелерді ұсынады. Сот шешімі талапкердің өз құқықтарын теріс пайдалануын болдырмауға бағытталғаны анық. Біздің ойымызша, шарт мазмұнын түсіндірмесін дұрыс қолдану үшін оны қолдану керек нақты критерийлерді әзірлеу қажет. Сонымен бірге, толықтыру түсіндірмесі шарттың әлсіз тарабын қорғау мақсатында ерекше жағдайларда ғана пайдаланылуға жатады, ал соттың шарттық қатынастарға араласуы барынша азайтылуға тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында азаматтық-құқықтық шарттарды түсіндіру тәсілдерінің өзіндік жүйесі қалыптастыру қажет. Осылайша, шарттарды түсіндірудің кейбір шетелдік тұжырымдамаларын Contra Proferentem қағидасын Қазақстан Республикасының тәжірибесіне енгізу, даулы шартты түсіндіру мәселелерін сәтті шешуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда азаматтық келісімшарттарды түсіндіруде шетелдік тәжірибені қолдануды оң бағалануы қажет, өйткені олардың әрқайсысы келісім-шарттардың мазмұнын түсіндіруге қажетті ұтымды принципке ие.

Қорытынды

Қазіргі уақытта «contra proferentem» қағидасын түсіндіру көптеген шарттарға қатысты қолданылатынына қарамастан, біздің ойымызша, бұл қағиданың қолданылу аясы шексіз болмауы керек.

Біріншіден, кейбір елдерде, мысалы Германияда, егер даулы жағдай жеке келісімнің мәні болса, яғни егер екі тараптың да шарттың мазмұнына әсер етудің нақты мүмкіндігі болса және оған нақты әсер етсе, мысалы, осы қағиданы қолдану мүмкін емес деп саналады.

Екіншіден, кейбір шет елдерде бұл қағиданың қолданылу аясы шарттардың нақты шеңберімен шектелген. Мысалы, Италияда ол тек стандартталған келісімшарттарға қатысты, Францияда-тұтынушылармен немесе кәсіпқой емес адамдармен жасалған шарттарға қатысты қолданылады. Тәжірибе көрсеткендей, «contra proferentem» қағидасын қолдану арқылы түсіндірме тұтынушылық шарттарды түсіндіруде де, экономикалық тұрғыдан тең субъектілер жасасқан шарттарды түсіндіруде де қолданылады, егер екеуі де бірлескен салада кәсіби бола алады.

«Contra proferentem» қағидасы шарттың түсініксіз шарттарын түсіндіру кезінде қолдануға болатын жалғыз қағида емес. Кейде бұл қағида оны қолдануға кедергі келтіретін жағдайларға байланысты қолданылмайтын жағдайлар туындайды. Сондықтан, негізінен шетелдік тәжірибе жасаған ұсынушыға қарсы түсіндіру, кәсіпқойға қарсы түсіндіру және күшті жаққа қарсы түсіндіру бір-бірімен қалай байланысты екенін талдап, олардың бір-біріне қайшы келмейтінін және оларды бір уақытта қолдануға болатындығын мұқият зерттеу қажет. «Contra proferentem» қағидасын енгізген жағдайда алдын ала соттар тәжірибесінің болуы маңызды мәселе.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Posner R.A. //The law and Economics of Contract Interpretation // law and Economics Working Paper, №229, 2004. Available at:- URL: <https://chicagounbound.uchicago.edu/cgi/iewcontent> (accessed: 27.01.2025)
- 2 Гражданский кодекс Франции (Кодекс Наполеона) от 21.03.1804 624 с. [Электронный ресурс] - URL: https://togudv.ru/ru/faculties_old/full_time/isptic/iogip/study/studentsbooks/histsources2/igpzio49/ (дата обращения: 25.02.2025)
- 3 Принципы международных коммерческих договоров (Принципы УНИДРУА) (1994 год) [Электронный ресурс] - URL: <https://www.unidroit.org/wp-content/uploads/2021/06/Unidroit-Principles-2016-Russian-bl.pdf> (дата обращения: 12.01.2025)
- 4 Регламент (ЕС) № 593/2008 о праве, подлежащем применению к договорным обязательствам («Рим I») [Электронный ресурс] - URL: <https://base.garant.ru/2567328/> (дата обращения: 24.09.2024)
- 5 Zimmermann R. The Law of Obligations. Roman Foundations of the Civilian Tradition. [Электронный ресурс] - URL: https://www.trans-lex.org/109600/_zimmermann-reinhard-the-law-of-obligations-roman-foundations-of-the-civilian-tradition-munich-cape-town-1990 (дата обращения: 15.01.2025)
- 6 Костикова А.В. Толкование предпринимательского договора: Автореф. дис. канд. юрид. наук: 12.00.03. СПб., 2013. 26 с. [Электронный ресурс] - URL: <https://www.dissercat.com/content/tolkovanie-predprinimatelskogo-dogovora> (дата обращения: 10.01.2025)
- 7 Сулейменов М.К. // Применение и толкование норм гражданского законодательства и договора. [Электронный ресурс] - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34551164 (дата обращения: 24.02.2025)
- 8 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі // Қазақстан Республикасының Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ. [Электронный ресурс] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (қаралу уақыты: 18.12.2024)

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРАКТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ ПРИМЕНЕНИЯ ПРИНЦИПОВ ТОЛКОВАНИЯ ДОГОВОРОВ

Аннотация

В статье обращено внимание на то, что толкование гражданско-правового договора в судах Республики Казахстан с применением принципа «contra proferentem» не регулируется или не рассматривается действующими правовыми нормами. В отечественной правовой литературе отмечается недостаточное количество специальных исследований, учитывающих современные тенденции развития правила толкования договора принцип «contra proferentem» в правовых системах стран с развитой экономикой.

Цель статьи - комплексный анализ принципа «contra proferentem» в институте толкования гражданско-правовых договорных требований и предложение рекомендации по повышению его эффективности. В статье рассматриваются правовые основы применения настоящего принципа в национальном и международном правовом порядке, его роль в защите интересов слабой стороны договора, а также опыт применения в судопроизводстве.

Авторы анализируют теоретические основы данного принципа, его развитие в контексте юриспруденции различных правовых систем, а также судебную практику, отражающую его практическую реализацию. Особое внимание уделяется применению принципа Contra proferentem в отношениях между субъектами с неравными условиями, в частности, при заключении договоров присоединения, договоров потребления и договоров страхования. Делается вывод о важности принципа как механизма защиты слабости и обеспечения справедливости в договорных отношениях. Авторы подчеркивают важность contra proferentem как средства обеспечения справедливости и честности в договорных обязательствах, а также предлагают рекомендацию по более четкой формулировке условий контракта для снижения рисков юридических споров.

Ключевые слова: Contra proferentem, Республика Казахстан, судебные органы, гражданско-правовые договоры, сделки, предложения.

THEORETICAL AND PRACTICAL ISSUES OF APPLICATION OF PRINCIPLES OF INTERPRETATION OF TREATIES

Abstract

The article draws attention to the fact that the interpretation of a civil contract in the courts of the Republic of Kazakhstan using the principle of "contra proferentem" is not regulated or is not considered by the current legal norms. There is an insufficient number of special studies in the domestic legal literature that take into account current trends in the development of the rules of contract interpretation, the principle of "contra proferentem" in the legal systems of countries with developed economies.

The purpose of the article is a comprehensive analysis of the "contra proferentem" principle at the Institute for the interpretation of civil law contractual claims and to propose recommendations for improving its effectiveness. The article examines the legal basis for the application of this principle in the national and international legal order, its role in protecting the interests of the weak party to the contract, as well as the experience of application in court proceedings.

The authors analyze the theoretical foundations of this principle, its development in the context of jurisprudence of various legal systems, as well as judicial practice reflecting its practical implementation. Particular attention is paid to the application of the Contra proferentem principle in relations between entities with unequal conditions, in particular, when concluding accession agreements, consumption agreements and insurance contracts. The conclusion is made about the importance of the principle as a mechanism for protecting weaknesses and ensuring fairness in contractual relations. The authors emphasize the importance of contra proferentem as a means of ensuring fairness and honesty in contractual obligations, and also offer recommendations for clearer formulation of contract terms to reduce the risks of legal disputes.

Keywords: Contra proferentem, The Republic of Kazakhstan, Judicial authorities, civil contracts, transactions, proposals.

REFERENCES

- 1 Posner R.A. //The law and Economics of Contract Interpretation // law and Economics Working Paper, №229, 2004. Available at: - URL: <https://chicagounbound.uchicago.edu/cgi/iewcontent> [in English] (accessed: 27.01.2025)
- 2 Grazhdanskij kodeks Francii (Kodeks Napoleona) [Civil Code of France (Napoleonic Code)] of 21.03.1804 624 p. Available at: - URL: https://togudv.ru/ru/faculties_old/full_time/isptic/iogip/study/studentsbooks/ [in Russian] (accessed: 25.02.2025)
- 3 Principy mezhdunarodnyh kommercheskih dogovorov (Principy UNIDRUA) (1994 god) [Principles of International Commercial Contracts] Available at: - URL: <https://www.unidroit.org/wp-content/uploads/2021/06/Unidroit-Principles-2016-Russian-bl.pdf> [in Russian] (accessed: 12.01.2025)
- 4 Регламент (ЕС) № 593/2008 о праве, подлежащем применению к договорным обязательствам («Рим I») [Regulation (EC) No 593/2008 on the law applicable to contractual obligations ("Rome I")] Available at: - URL: <https://base.garant.ru/2567328/> [in Russian] (accessed: 24.09.2024)
- 5 Zimmermann R. The Law of Obligations. Roman Foundations of the Civilian Tradition. Available at: - URL: https://www.trans-lex.org/109600/_zimmermann-reinhard-the-law-of-obligations-roman-foundations-of-the-civilian-tradition-munich-cape-town-1990 [in English] (accessed: 15.01.2025)
- 6 Kostikova A.V. Tolkovanie predprinimatel'skogo dogovora: Avtoref. dis. kand. jurid. nauk: 12.00.03. [Interpretation of a business agreement: Abstract of a PhD thesis: 12.00.03] SPb., 2013. 26 p. Available at: - URL: <https://www.dissercat.com/content/tolkovanie-predprinimatelskogo-dogovora> [in Russian] (accessed: 10.01.2025)
- 7 Sulejmenov M.K. // Primenenie i tolkovanie norm grazhdanskogo zakonodatel'stva i dogovora. Available at: - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34551164 [in Russian] (accessed: 24.02.2025)
- 8 Qazaqstan Respublikasynyñ Azamattyq Kodeksı // Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksı 1994 jylǵy 27 jeltoqsandaǵy № 268-III. [Civil Code of the Republic of Kazakhstan // Code of the Republic of Kazakhstan No. 268-XIII of December 27, 1994.] Available at: - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> [in Kazakh] (accessed: 18.12.2025)

Information about authors:

Serikkhan Adilgazy – **corresponding author**, PhD, associate professor of the school of law and public administration, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: serikhan@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8625-4172>

Saulegul Yermukhametova - candidate of law, Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ermuhametova2017@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2303-3660>

Soledad Dyussebaliyeva – candidate of law, Professor of the Department of criminal legal disciplines, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Kazakhstan

E-mail: bakha2001@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7699-6471>

Информация об авторах:

Серикхан Адилгазы – **основной автор**, PhD, ассоциированный профессор Школы права и государственного управления, Университет Нархоз, г.Алматы, Республика Казахстан

E-mail: serikhan@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8625-4172>

Саулегул Ермухаметова - кандидат юридических наук, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, г.Алматы, Республика Казахстан

E-mail: ermuhametova2017@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2303-3660>

Соледад Дюсебалиева – основной автор, кандидат юридических наук, профессор кафедры Уголовно-правовых дисциплин, Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г.Атырау, Республика Казахстан

E-mail: bakha2001@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7699-6471>

Авторлар туралы ақпарат:

Серікхан Әділғазы – **негізгі автор**, PhD, құқық және мемлекеттік басқару мектебінің қауымдастырылған профессоры, Нархоз университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: serikhan@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8625-4172>

Саулегул Ермухаметова - заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: ermuhametova2017@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2303-3660>

Соледад Дюсебалиева – негізгі автор, заң ғылымдарының кандидаты, Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: bakha2001@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7699-6471>